



Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Алтын күз – 2025

Еңбек еленген күн



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер» орталығында «Алтын күз – 2025» салтанатты шарасы өтті. Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстарға, агросаланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталып, қамбаны толтырып, береке мен бірліктің үлгісін көрсеткен диқандарды құттықтады. – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптeу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген болатын. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын ұрпақ санасына сіңіру, насихаттау, қарапайым еңбек

адамдарын дәрiптeу – біздің басты мақсатымыздың бірі. Сыр елінің дақын асқақтатқан дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған 102 Социалистік Еңбек Ерінің және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның Еңбек Ерлерінің жетістіктері аңызға айналды. Саналы ғұмырында туған жеріміз үшін аябай еңбек еткен ардақты ардагер ағаларымыз бүгін ортамызда. Облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін сіздерге барша Сыр жұртының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Ел үшін жасаған ерен еңбектеріңіздің жемісін, бейнеттеріңіздің зейнетін көріңіздер, – деді облыс әкімі.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Сыр

елінің еңбекқор жұртына ризашылығын білдіріп, екі өңір арасындағы байланыстың одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. – Қазақ халқы тағдырының тайғақ кешулі кезеңдерінде жағасына келіп тыныс тапқан, суына бетін жуып, үмітін ертеңге жалғаған қасиетті Сырдарияның бойында, ежелгі Ақмешіт, бүгінгі Қызылорда төрінде өздеріңізбен жүздесіп отырғанымға бек қуаныштымын! Біз бүгін аймақтарыңызға үлкен делегациямен өнер жұлдыздардың, зиялы қауым өкілдерін және жақында ғана республикалық байқауда бас жүлде алған театрымыздың арнайы қойылымымен келіп отырмыз. Бұл өңіраралық рухани-мәдени байланыстарды нығайтып, бізді

бауырластыра түседі деп сенеміз, – деді Берік Уәлиұлы.

Мерекелік шарада Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталды. «Жан Арай» ЖШС директоры Бақдәулет Махашовқа «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Ол басқаратын серіктестік тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіру, күріш өңдеу зауыттарын іске қосқан, өнімдерін экспортқа шығарады. Өткен жылы 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасын ашып, 100-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыды.

Еңбек адамдары мен сала үздіктеріне «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін», Ауыл шаруашылығы министрінің «Еңбек ардагері» медалі, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хаттары берілді.

Салтанатты шарада ауыл шаруашылығы саласында үздік жетістіктерге жеткен озат аудандар анықталып, «Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Арал ауданы, «Су үнемдеу технологиясын қолдану бойынша озат аудан» номинациясымен Жаңақорған ауданы, «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясымен Жалағаш ауданы, «Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қармақшы ауданы, «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Қазалы ауданы, «Егін шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен Сырдария ауданы марапатталды. Ал «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда биылғы жылы ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясын Шиели ауданы жеңіп алды.

Жылдағы дәстүр бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген «Абзал және К» ТС, «Маржан және К», «Абай-Дәулет» ЖШС еңбек озаттарына автокөлік кілттері сыйға берілді.

Сонымен қатар, салтанатты шарада Жалағаш ауданынан ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген бірқатар озат мамандар мен шаруашылық басшылары түрлі номинациялар бойынша марапатқа ие болды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші, композитор Елена Әбдіхалықовамен кездесті. Еліміздің, Сыр өңірінің мәдени-рухани дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Сыр бойын әнге бөлеген сазгер



– Бүгінгі шығармашылық кешіңіз ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл толған мерейтойға, Қызылордамыздың төл мерекесі қала күніне үлкен тарту болды. Сіз ердайым туған топырақты, халқымыздың ер рухын жығға қосып, мәдениетіміз бен руханиятымызды ескеңе ұрпаққа кеңінен дәрiптeп келесіз. «Сыр елі – жыр елі» атанған өңірімізде өнерпаздарға қолайлы орта қалыптастыруға, өнерлі, дарынды жастарымыздың шығармашылығын шыңдауға бағытталған маңызды жобалар қолға алынған. Өнер адамдарын, мәдениет майталмандарын қолдауға әрқашан дайынбыз. Төл өнеріміздің туын биікте ұстап, көрерменнің зор құрметіне бөлене бергейсіз! Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін! – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Елена Әбдіхалықова көрсетілген құрметке алғыс білдіріп, аймақтағы мәдениет саласындағы ауқымды жұмыстарға оң бағасын берді. Одан кейін ақыл басшысы композитордың «Өнер» орталығында өткен «Сағыныш ғұмыр» атты шығармашылық кешіне қатысты. Концерте Елена Әбдіхалықова белгілі әнші Жұбанш Жексенұлымен бірге симфония оркестрінің сүйемелдеуімен «Біргемін мен сендермен», «Есіңе мені алғайсың» және тағы басқа да танымал әндерін орындады.

Шығармашылық кеште Арайлым Ибраева, Дәурен Сейтжанов шырқаған әндер көрермен көңілінен шықты. Ақын өлеңдерінен құралған «Менің атым Сағыныш» атты композицияны театр әртістері шебер орындады. Автор сыршыл өлеңдерін өзі де оқып, тыңдарманын бір мезет поэзияның терең иірімдеріне бойлатты. «Қазақ елі», «Сыр елі» сияқты халыққа кең тараған туындыларды «Өнер» орталығына жиналған қауым қосыла шырқады.

Ардагер ұстаздар Жалағашта бас қосты

«Руханият» орталығында аудан әкімінің орынбасары Гани Сүлейменовтің қатысуымен «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта» атты облыстық семинар өтті. Оған облыстың әр өңірінен келген ардагер ұстаздар қатысты. Кездесуде қатысушылар орталықтағы тарихи жәдігерлермен, аудан тарихынан сыр шертетін құнды мұралармен танысып, рухани құндылықтың жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы айтты.

Ардагер ұстаздар сән-салтанаты келіскен ғимараттың бірінші қабатындағы тарихи өлкетану музейі, ардагерлер кеңесі, үкіметтік емес ұйымдар, әйелдер кеңесі, қоғамдық келісім жұмысымен танысты. Шараға қатысушылардың тарихымызды танып, ескеңе ұрпақтың баларына отансүйгіштік қасиетті сіңіруде аудандық музейдің алаңы орын ерекше. Себебі ол адамзатты өткен уақытпен жүздестіріп, тарихтан сыр шертеді. Музей – ұзақ жылдар бойы зерттеп-зертделген асыл жәдігерлерді де қалың жұртқа ұсынатын мәдени орталықтың бірі де бірегейі.

30 жылға жуық тарихы бар музей – аудан көлемінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тарихы туралы сыр шертетін асыл мұралар мекені. Мұнда экспозицияға қойылған экспонаттар хронологиялық ретпен орналастырылып, ауданның құрылуы, тарихы, ауыл шаруашылығы мен мәдениеті жайлы сыр шертіп, ұстаздардың үлкен қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ олар батырлардың қару-жарақтары, халқымыздың ежелде қолданған көне тұрмыстық заттары, киім-кешектер мен өлкенің табиғатын бейнелейтін өсімдіктер мен жануарлар, түрлі аспаптарға да күй болды. Жалпы қазіргі таңда музей қорында 9 мыңға жуық экспонат сақталуда. Ұстаздарға аудандық музей ұжымы ауданның сән ғасырлық тарихын зерттеп, зерделеп, аудан көлеміндегі тарихи-мәдени мұраларды жинақтап, музей қорын құнды экспонаттармен толықтыра беретінін жеткізді.

Мұнан кейін ардагер ұстаздар әр ауылдық округте отбасы құндылықтарын дәрiптeп, өне мен келіп арасындағы байланысты нығайту мақсатында түрлі сайыстар өткізіліп, жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беріп жүрген аналар кеңесінің жұмысымен де танысты. Сондай-ақ шара барысында этнос өкілдері ұлттық құндылықтарды дәрiптeп, қоңақтарға өздерінің қолдарынан шыққан бұйымдарымен таныстырды.

Айта кетейік, этнос өкілдері қазіргі таңда аудандағы білім беру, денсаулық, спорт, еңбек ұжымдарында қызмет етіп, ауданның қоғамдық саяси, мәдени шараларына белсене араласуда. Кездесу соңында қоңақтар ауданда атқарылған игі істерге оң бағасын беріп, жүйелі жұмыстар жалғасын таба беруіне тілегін білдірді.

Сезім НҰР



Жалағаш аудандық статистика басқармасында ұзақ жыл еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Сүлу Зейнешханқызы бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Кейіпкеріміз өткен шақтың естеліктерін сағынып еске алады. Олай болатындай жөні бар, өйткені ол алдына нақты мақсат құрды, сол жолда табанды еңбек етті. Тағылымға толы ғұмыр жолында өзіне тек адалдықты, жауаптылықты, еңбекқорлықты серік етті. Соның арқасында қайда жүрсе де абырой биігінде болды.

Арал ауданының тумасы 1967 жылы Жалағаш ауданындағы Еспенбетовтер әулетіне келін болып түседі. Үй шаруасы мен қызметті де қатар алып жүруге қабілетті апамыз Жалағашта аудан орталығындағы балабақшада еңбек етті. Кейін, яғни 1973 жылы Жалағаш аудандық статистика басқармасына инспектор болып қызметке орналасты. Сол салада ұзақ жыл қызмет атқарып, құрметті еңбек демалысына шықты.

Иә, сыртынан қараған жаңа статист маманның жұмысы тек есеп дайындаумен шектелетін сияқты. Алайда саланың ол кездегі қызығы мен қиыншылығын апамыз кеңінен тарқатқанда еңбегіне бас иіді. Тікелей ауданның бірінші хатшысымен жұмыс жасап, әрбір саланың есеп-қисабын ұқыппен дайындау расында өкінің бірінші қолынан келе бермейді. Бірақ қыруар шаруаны ширатып, сол жолда жауапкершілікті бірінші орынға қойған кейіпкеріміз басшылықтың сенім үдесінен шыға білді.

Қазір барлық сала цифрланғанда жұмыс та жеңілдеген болуы керек, бүгінде ауданның бұл басқармасында небәрі 3 адам жұмыс жасайды. Ал ол тұста аудан орталығының өзінде 20-дан астам маман болыпты. Оған ауылдық елді мекендерден бекітілген бір-бір өкілді қосыңыз. Осыдан-ақ аудандық статистика басқармасының кезінде қыруар шаруаны атқарғанын бағамдау қиын емес. Сүлу Зейнешханқызы басқармада ауданның ауыл шаруашылығы саласы бойынша есеп-қисапқа жауапты болды. Бір жылда егіннен қанша өнім алынды, мал шаруашылығы бойынша қанша табыс кірді, тіпті оның терісі, жем-шөбіне дейін есепке кіріп отырды. Бірақ оның бәрін кейіпкеріміз кабинетте отырып жасаған жоқ. Шынында келген есеп дұрыс па, бұрыс па? Соның барлығына көз жеткізу үшін ауыл-ауылды аралап, нақты санын шығарып отырды.

– Әр саланың өзіндік талабы бар, сол қызметті абыроймен атқару керек. Біз нақты мақсатқа еңбек еттік. Аудан

аграрлық өңір болғандықтан ең үлкен салаға мені жауапты етіп бекітті. Ең бірінші бастығым Құантай Алдажаров деген азамат болды, содан бері қаншама басшымен жұмыс жасадым. Күріштің, егістің басқа да есептерін дайындайтынбыз, тіпті мал шаруашылығы бойынша ет, жүн, терінің есебіне дейін шығарамыз. Ол кезде ауданнан қара-көл терісі Семейге, жүн Жамбылға, ет өзіміздің Қызылорда қаласына жөнелтіледі. Соның барлығының нақты есебін жасайтынбыз. Тіпті қаракөл терісінің бірнеше сұрпы болады, ол бойынша бөлек-бөлек тағы есебін шығарамыз. Тіпті малдың жем-шөбі, пішенге дейін нақты есептеп шығаратын едік. Төрт түліктің қаншаасынан қанша төл алынды? Соның барлығы бойынша нақты есеп бердік. Түсінген адамға статистика – жауапкершілікті талап ететін сала. Сол салада ұзақ жыл еңбек еттім, бүгінде Азамат баламыз бастаған бүгінгі буын біздің ізімізді басып, табанды еңбек етуде. Мейлінше кейінгі буынға үлгі болуға тырыстық, шүкір, одан жаман болғанымыз жоқ, – дейді сала ардагері.

Иә, Сүлу аялй бұл салаға саналы ғұмырын сарп етті, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қажырлы еңбек етіп, бүгінде абыройға бөленіп отыр. Расында ол нақты мақсатқа жұмыс жасап, жастарға үлгі болды. Соның арқасында бірнеше рет марапат төрінен көрініп, облыс және аудан әкімдерінің, департамент басшысының алғыс хатын алды. Жастайынан нақты мақсатқа жауапкершілікпен еңбек еткен

адамды абырой өзі іздеп табады екен. Кейіпкерімізбен сұхбатта осындай ойға келдім.

– Әр айдың соңында үйге уақытылы қайту дегенді білмейтінбіз. Өйткені сол кезде есеп беру жұмыстары қызды. Қазіргідей интернетті пайдаланып, әлеуметтік желімен есеп жіберсе қоятын сала цифрланбаған уақыт қой. Әрқайсысы есепті қолмен әкеліп береді, кейін оның растығына көз жеткізу үшін басина барып, тағы бақылау жұмыстарын жүргіземіз. Небір қиын да қызықты күндер басымыздан өтті. Бірақ соның барлығына отбасымыз түсіністікпен қарады. Жаңа жыл мерекесінде жұрт той тойлап жатқанда біз жұмыста есеп дайындаумен басымыз қатып отыратын, – дейді Сүлу Зейнешханқызы.

Кейіпкеріміз жолдасы Ізбасар ағамызбен төрт баланы тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ата-анасының жолын жалғаған балалары да әр салада абыройлы еңбек етуде. Ауылдағы үлкен ұлы ішкі істер саласында абыройлы еңбек етті. Бір қызы медицина саласында елдің денсаулық сақтау саласына еңбек ете, тағы бір қызы білім саласында бөекөке қабілетті ұрпақ қалыптастыру жолында ұстаздық қызмет атқарады. Кенжесі теміржол саласында электрік болып жұмыс жасайды. Еңбек ардагерінің өнегелі өмір жолы – тек ұл-қыздарына ғана емес, жалпы жастарға үлгі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

2 ҚОҒАМ

Ауыл тынысы

Шалғайдағы ауылда шаруа шираған



Аламесек – тарихы тереңнен бастау алатын аудандағы еңселі елді мекеннің бірі. Соңғы жылдары Есет батырда жүзеге асқан жарқын жобалар жергілікті жұрттың да көңілінен шығып отыр. Шынында, бұған дейін батыр атындағы ауылда жол, әлеуметтік нысандар, электр жарығына қатысты біраз мәселеге нүкте қойылды. Әлбетте мұнан ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаевтың қажырлы еңбек етіп жатқанын аңғару қиын емес. Апта басында ол БАҚ өкілдеріне брифинг беріп, биыл 9 айда атқарылған жұмыстарды саралады. Брифингтің онлайн режимде өтуін жақсылыққа жорыдық. Бұл бір жағынан ауыл әкімінің халықпен тығыз байланыста еңбек ететінін аңғартса керек, елді мекенде тағы қандай мәселелер бар, соны зерделеу үшін брифинг соңында жерлестерінің сауалына құлақ тұрді.

— Есет батыр ауылында 344 отбасы бар, 2 мыңға жуық адам мекен еткен шалғай ауылдың шаруасы ширады. Экономикалық белсенді халық саны – 1023, зейнеткерлер саны – 210. Ауылдағы алтын ұяда 349 бала білім алуда. 6 отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылды. Елді мекенде «Қазпошта» бөлімшесі, ветеринария пунктi, 5 сауда дүкені қызмет көрсетеді. Ауыл әкімшілігі, білім беру және медициналық мекемелер талшықты оптикалық интернет желісіне қосылған. Сонымен қатар «KCELL», «Теле-2», Beeline, Altel ұялы байланыс станциялары қызметін тұрғындар еркін пайдалануда. Орталық ауызсу жүйесі тұрақты жұмыс істейде. Тұрғындар аяқсуды «Байымбет», «Ақарық», «Ақжарма» каналдары арқылы пайдаланады. Қыркүйек айынан бастап «Ақарық» каналын қазу жұмыстары жүргізілуде, — дейді Дәулеткерей Тәжібаев.

Биыл елді мекен жұрты ауыл шаруашылығы саласын табысты қорытындылаған. Жергілікті шаруашылықтар 1692 гектар алқапқа Сыр салысын егіпті. Мұнан бөлек 667 гектар жаңа жоңышқасы тағы бар. 720 гектар ескі жоңышқа күтімге алынып, 60 гектар жаздық бөкей, 18 гектар картоп, 85 гектар көкөніс, 75 гектар басқа да бақша дақылдары егіліп, егін толық жиналған.

Ауылдағы қарапайым отбасыларда 1 975 ірі қара, 762 жылқы, 1582 уақ мал бар. Ал шаруашылықтар мен кәсіпкерлерде 202 ірі қара, 300-ге жуық жылқы, 100-ден астам уақ мал тіркелген. Бүгінде төрт түлік сырғаланып, тиісті құжаттар беріліп, дерек қорына еңгізілген. Дәукең ауылда білім саласындағы жағымды жаңа-

лықтарымен де бөлісті. Бүгінде елді мекендегі №124 орта мектепте 349 бала білім алады. Ауылдағы алтын ұяда 60 педагог бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру жолында табанды еңбек етуде. Оның ішінде 13 педагог зерттеуші, 13 педагог сарапшы, 7 педагог, 19 модератор бар. Биыл білім ошағын 34 оқушы бітірді. Барлығы да ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, басым бөлігі еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алуда.

Шалғайдағы ауыл демесеңіз, жалпы Аламесекке талай тілшілік тіршілікпен ат ізін салғанбыз. Көбінесе ауылдағы ағайын елді мекендегі апатты жағдайдағы емхана мәселесін назарға салатын. Бүгінде бұл мәселеге де нүкте қойылды. Қазіргі таңда ауылдағы 5 орындық күндізгі жаңа заманауи медициналық, санитарлық талаптарға сай стационарлық емхана жұмыс жасайды. Бөлімшеде мемлекеттік бағдарламаға сай тұрғындарға тиісті дәрігерлік байқаудан өткізіп, анықталған ауруларға сауықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Мұнда барлығы 17 адам жұмыс жасайды, оның 11-і — медбике. Ауылда биыл 9 айда 14 бала дүниеге келген. Есепті мерзімде перинеталды және қауіпті босанулар болмаған. Кез келген кеселдің алдын алу мақсатында жергілікті тұрғындар кестеге сәйкес манту сынамасы мен флюоробайқаудан өткен. Диспансерлік бақылаудағы 7 науқастың 2-еуі амбулаториялық ем алуда. Олар дәрі-дәрмекпен толық қамтылған.

Ауылда 200 орындық мәдениет үйі бар, онда 15 408 кітап қоры бар кітапхана жұмыс жасайды. Руханият ордасының 561 оқирманы бар. Кітапхана «Модельді ауылдық кітап-

хана» болып, жаңа форматта жұмыс атқаруда. Коворкинг орталығы тағы бар. Мемлекет басшысы жүктеген міндеттер мен облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес елді мекендердегі халықтың мәдениет нысандарына қолжетімділігін арттыру мақсатында «Адал адам — мәдени тәрбие беру» орталығы ашылды. Кинотайм жобасы аясында жас ұрпақты отансүйіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында қазақтың алтын қорына өнген кинофильмдер көрсетілуде. Ауылдық мәдениет үйінде биыл 9 айда 99 шара өтіп, 6 316 көрермен қамтылған.

Ауылдық клубта 5 үйірме жұмыс жасайды, онда 60 бала қамтылған. «Қызғалдақтар» халық ән-би ансамблінде 25 қаракөз қарындасымыз қабілетін шындайды, «Илигай» би үйірмесінің 15 бишісі тағы бар. Ал «Өсем саз» ән үйірмесінде 8 адам қамтылған. «Сырсандық» үйірмесінің де 7 өнерпазы бар. Мәдени көпшілік іс-шараларға ауыл жастары тартылып, олар ауылдағы қайырымдылық акциялар мен түрлі мерекелік іс-шараларға белсене қатысуда.

Кез келген өңірде жұмыссыздықпен күресу үшін алдымен кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыру керек. Сонда ғана жұмыс көзі ашылып, елдің екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік туады. Осы ретте ауыл әкімі «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобалардың ауылда орындалу барысын кеңінен тарқатты.

Спикердің сөзінше, биыл 9 айда Аламесекте 104 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 3 заңды тұлға, 71 шаруа (фермер) қожалық, 30 кәсіпкер бар. Тоғыз айда мемлекеттік кірістер басқарма-

сына жаңадан 8 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Сәйкесінше жұмыссыздық мәселесі де шешімін тауып жатқандай, мәселен, 9 айда ауылда 20 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ «Күміс жас» жобасына 3, әлеуметтік жұмыс орындарына 3 адам жолданса, 35 адам қоғамдық жұмысқа жіберілді. Жастар тәжірибесімен 1 маман тәжірибе шындауда.

Ауылдағы ағайынның ауызбіршілігі мығым. Қай істе де ауыл жастары, кәсіпкерлер ақылдаса да отырып, жұмыла іс қылады. Биылдың өзінде демеушілер есебінен қыруар шаруа атқарылған. Көкпая көшесі жарықтандырылып, «Көктөбе» ШҚ елді мекендегі Ұлы Отан соғысынан оралмаған ардагерлерге арналған ескерткішке жаңғырту, жаңарту жұмыстарын жүргізді. Елді мекендегі өрт сөндіру бекеті ғимараты да демеушілер есебінен жүргізілуде.

Жалпы биыл тоғыз айда атқарылған жұмыс көп. Құны 1 млн 640 мың теңгеге ауылдың орталық көшелеріне 11 бейнебақылау камерасы орнатылды. Ішкі өшелер бойына 7 жол белгісі, тұрғын үйлерге 100 дана көше тақтайшасы орнатылды. Санитарлық тазалық жұмыстарына 3 млн теңге қаралып, құл-құстарды тазартуға басымдық берілген. «Ақарық» мәтіні қайта жаңартылып, 219 мың теңгеге құрылыс материалдары алынған. «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды, ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыруға 5 млн 700 мың теңге қаралған. 300 мың теңгеге «Ұлы Отан соғысына қатысқандар» алаңына гүл отырғызылды. Күн сәулесінен қуат алатын 70 жарықшам орнатуға 2 млн 800 мың теңге жұмсалған.

Ауылда қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті тұрғындар тығыз байланыста жұмыс жасайды. Өзекті мәселелерді шешуде олар бірлескен іс-шаралар атқаруда. «Өтеулі қажы» мешітінде ардагерлер кеңесі жастар тәрбиесіне басымдық беріп, діни экстремизм және дәстүрлі емес діни ағымдарға жол бермеу мақсатында түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Мешіт айналасынан көркейту-көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастырып, ішкі-сыртқы тазалығы ардагерлер тарапынан бақылауға алынған. Сонымен қатар мешітке жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылы едеш, су жүйесі іске қосылған.

— 2025 жылғы 9 айда «Аламесек ауылдық округі әкімінің бұйрығы» КММ бюджеті 95,317 млн теңге болып бекітілген. Биыл 9 айда қаржының орындалуы 95 млн 210 мың теңгені құрап отыр. Жергілікті жеке тұлғалардың салық түрлері бойынша 10 млн 41 мың теңге түсім түсуі тиіс еді, бұл меже 106 пайызға орындалды. Қазіргі таңда ауызсу жүйесін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде, — дейді ауыл әкімі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сәрсенбіде аудандық қоғамдық даму бөлімі мен жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Еңбек ауылында ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бағытталған «Ауылға барамын» атты жастар жобасы өтті. Шараға әр салада қызмет етіп жүрген және NEET санатындағы жастар қатысты.



Ұлттық құндылықтар дәріптелген күн

— Бұл жобаның негізгі мақсаты — ұлттық құндылықтарды насихаттау. Ұмыт болып бара жатқан дәстүрлерімізді дәріптеп, ұлттық ойындарды қайта жаңғырту. Аудан белсенділерін ауылдың тыныс-тіршілігімен таныстырып, жастарды еңбекке баулу. Бұл шараға 50-ге жуық жас қатысты. Оның ішінде түрлі салада еңбек етіп жүрген және осы ауылдың жастары да бар, — дейді жастар ресурстық орталығының директоры Әбәзәлі Төлеубай.

Шара ең алдымен жастардың бір-бірімен танысуынан бастау алды. Мұнан кейін ер-жігіттер жағы самаурын қойып, қой сойып, оны жіліктеуді үйренді. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастардың басым көпшілігі мал сою әдебі мен табаққа тартылу тәртібін біле бермейді. Жоба барысында ауыл азаматы Ербол Нағашыбай жастарға мал союдың дұрыс әдіс-тәсілін үйретті.

— Ауылдың баласы болғандықтан мал сою маған бала күннен етене таныс. Әкем мен ағаларымның жанында жүріп үйрендім. Шындығында, қазір ауыл балаларының өзі мал союға келгенде осалдау. Сондықтан артымыздан өрген өнерін ортаға салып, құндылықтарымызды барынша дәріптеп, бойына сіңіру үшін осындай шараларды көптеп ұйымдастырып тұруымыз қажет. Бүгінгі жастары ұйымдастырушыларға үлкен алғыс айтамын. Ерікті түрде қатысып, бүгін біраз нәрсе үйрендік, — дейді Асқар Төлеубай.

Иә, «табақ тартуды білген өз сыйын біледі» демекші, шара барысында жігіттер жағы сыйлы қонаққа және әр адамның өзіндік орнына сай табақ тартудың үлгісін үйренді. Бойжеткендер жағы да қарап қалмады. Олар да қолдарынан келген өнерін ортаға салып, ауылдағы ақжаулықты аналарымыздың көмегімен біраз жұмыс атқарды. Бірі қамыр жайып, бауырсақ пісірсе, енді бірі айран пісіп, құрт жайды. Алыстан қазан-ошақтың қасында түсі астың қамына кірісіп жүрген бойжеткенді көзіміз шалды. Өзін Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектептің физика-математика пәнінің мұғалімімін деп таныстырған Салтанат Зинел бұл жобаға былтыр да қатысқанын айтты.

— Бүгінгі жоба өте жоғары деңгейде өтіп жатыр. Қыз баласы болғандықтан ас үйге бала күнінен жақынмын. Анам қонақ шақырғанда үнемі қолғабыс ететін. Қамыр жайып, бауырсақ пісіруді өзі білгені анаманан үйрендім. Бүгін сол өнерімді ортаға салып, бауырсақ пісіріп, құрбыларыммен бірге ас дайындап жатырмын. Шыны керек, уақытымыздың басым бөлігі жұмыста өтетіндіктен бұл тіршілікті күнделікті жасауға уақыт жетпейді. Ал бүгін сол оқылықтың орнын толтырып, барлығын өз қолымызбен дайындап жатырмыз, — дейді Салтанат Әділбекқызы.

Мұнан кейін шара жастардың өзара топтасып ұлттық ойындар бойынша сынға түсуімен жалғасты. Ұлттық ойындарды ұлықтаған жастар тартысты ойын өрнегін көрсетіп, бір сәт балалық шаққа саяхат жасады. Жастар екі топқа бөлініп арқан тартыс, тір тасын көтеру сынды спорттық сайыстар бойынша сынға түсті.

— Бүгінгі шара өте жоғары деңгейде өтті. Бір сәт таза ауада сергіп, жаңа достармен тіл табысып, түрлі тақырыпта пікір алмастық. Бұл жоба жылда дәстүрге айналған игі шара болады деп ойлаймын. Себебі жобаның жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол. Мәселен, өзім бүгін алғаш рет шоқпа мен пісіріп, ұлттық ойындардың ойнадым. Алдағы уақытта өткізілетін осындай жобаларға қалмай қатысып тұрамын, — дейді белсенді қас Аружан Талғатқызы.

Жоба соңы белсенді жастардың облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров пен аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбетпен еркін форматта кездесуімен қорытындыланды. Кездесуде Жасұлан Ерданұлы аудандағы жастар саясатының жүзеге асырылу барысын тілге тиек етті. Түрлі ұсыныстар мен тұщымды пікір айтқан жастарға өркез қолдау білдіретінін жеткізген ол бүгінгі жобала белсенділік танытқан бірқатар жасты аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің алғыс хатымен марапаттады.

Кездесу жастар үшін тек ұлттық құндылықтардың дәріптелуімен ғана емес, аға буын мен жастар арасындағы сабақтастыққа, рухани бірлікке жол салуымен, ерекше салтанатымен әсерге толы болды.

Сезім НҰР

Брифинг

Тұрғындар табиғи газдың игілігін көруде

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы жанынан «Қызылорда газ тарату жүйесі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылы құрылған. Мақсат — облыс елді мекендерін табиғи газбен қамтамасыз ету және газ жеткізіп беру қызметін көрсету. Бүгінде аталған мекемеде 11 қызметкер 3 ауысыммен тәулік бойы жұмыс істейді. Қазіргі таңда Жалағаш ауданында табиғи газ тұтынушыларына 4 дана газ реттеуіш пунктi және 24 шкаф реттеуіш пунктi арқылы газ беріледі. Бұл туралы «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМ кәсіпорнының Жалағаш аудандық газ шаруашылық директоры Сәбит Жанашев брифингте мәлімдеді.

Спикер аудан төңірегіндегі құрылыстар мен ғимараттардың табиғи газ жүйесіне қосылу барысы және қауіпсіздік шаралары туралы баяндады. Ол 2021 жылдың шілде айынан бастап техникалық шарт бойынша кент тұрғындары табиғи газбен қамтылып жатқанын айтады. Бүгінде кентте 3 200 тұрғын үй орналасқан, табиғи газ отынын пайдалану үшін 2 855 техникалық шарт беріліп, 2951 үймен газды пайдалануға қатысты келісім-шарт жасалған. Бұл кенттегі тұрғын үйлердің 92,4 пайызын құрайды. Сонымен қатар кент орталығындағы көптептері 32 тұрғын үйдің 27-сі, яғни 200 пәтер орталықтандырылған газ желісіне қосылған.

Әлеуметтік нысандарға келсек, осыған дейін 36 әлеуметтік нысанға



техникалық шарт берілген. Оның ішінде 34 нысан газ желісіне қосылған. Кәсіпкерлік нысандар бойынша 156 нысанға техникалық шарт беріліп, барлығы газ желісіне қосылған.

Соңғы жылдары Жалағашта ауылдағы ағайын да көгілдір отынның игілігін көре бастады. Мәселен, осыған дейін кент іргесіндегі Ақсу мен Мерәлі Шәменов ауылдарына газ тартылып, бүгінде қос ауылдың халқы оның игілігін көріп отыр. Ақсу елді мекенінде 280 отбасы бар. Бүгінде ауылдағы 252 тұрғын үй газ желісіне қосылған. Ал Мерәлі Шәменов ауылындағы 170 үйдің 126-сы газ тұтынып отыр.

— Маусым айынан бастап 1 текше метр газ бағасы 29,12 теңгеге құрайды. Ал әлеуметік нысандарға 1 текше метр газ бағасы — 29,88 теңге.

Шамамен жылу беру маусымында, яғни қыс мезгілінде тұрғын үйдің жылыту аумағы орташа есеппен 135 текше метрді құраса, тұтыну жабдығы бірігіп, 1 айда 600-620 текше метр газ пайдаланып, шамамен 17-18 мың теңге төлемақы есептелінеді. Пайдаланған табиғи газ төлемдері «Қазпошта» АҚ кассасы және «Кәспий банк», «Халық банк» мобилдіы қосымшасының коммуналдық төлемдері арқылы жүргізіледі, — деді Сәбит Еркінболұлы.

Брифингте спикер газды тұтыну барысындағы қауіпсіздік талаптарын да кеңінен тарқатты. Ол газ жүйесіне қосылған тұрғын үйлерге, кәсіпкерлік нысандар мен әлеуметтік нысандарға газ тұтыну барысындағы қауіпсіздік ережелері

бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады. Қазіргі таңда табиғи газды пайдалану барысында орын алатын ақауларды дер кезінде жою және алдын алу мақсатында орталықтандырылған 109 диспетчерлік қызметі жұмыс жасауда.

— Бұл жөнінде аудан тұрғындарына әлеуметтік желілер мен жергілікті газет арқылы хабарланды. 109 диспетчерлік қызметіне тұрғындардан қоңырау түскен сәттен бастап, кәсіпорын қызметкерлері шақырылған мекен-жай бойынша барып, ақауларды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, кент тұрғындарына қызмет көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстан Респбликасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы

жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасауға міндетті. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасаспай, оларды пайдалануға тыйым салынады. Газды пайдаланудың соңы қайғылы жағдайға ұласпауы үшін газ жабдықтарына ұқыпты қарап, күнделікті өмірде газды қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтау қажет. Түтінінің және желдету түтіктерінде тартымның болмауы газдың жану өнімдерімен улануға әкелуі мүмкін. Газ су жылытқыштарын және жану өнімдерін мұржаларға шығаратын басқа құрылғыларды әр қолданар алдында мұржада тартымның болуын тексеру қажет. Түтін және желдету жүйелерінің құрылғыларын өзгертуге, желдету каналдарын желімдеуге, газбен қолданылатын жабдықтардың түтін тартқыштарын желдету каналдарына қосуға, мұржаларды тазалауға арналған «қалталар» мен «люктерды» бітеп тастауға және желімдеуге, мұржаларда және су жылытқыштардан түтін шығаратын құбырларда қосымша шиберлерді өз бетімен орнатуға болмайды. Жеке тұрғын үйлердің иелері қыста мұздату мен бітелудің алдын алу үшін мұржалардың ұштарын, сондай-ақ қысымның төмендеуіне байланысты көбінесе күз-қыс мезгілінде болатын «көрі тарту» әсерінің пайда болуына байланысты мерзімді тексеріп отыруы керек. Күнделікті өмірде газды қауіпсіз пайдалану үшін ережелерді білу ғана емес, сонымен бірге пайдаланылатын газ жабдықтарының жарамдылығы да маңызды рөл атқарады. Қайғылы жағдайдың болма-

уы үшін пәтершілік және үйшілік газ жабдықтарына әр мезгіл сайын техникалық қызмет көрсету қажет. Ол үшін газ құрылғыларының иесі мамандандырылған ұйыммен техникалық қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасауы керек, — дейді спикер.

Сәбит Еркінболұлы газ иісі шыққан жағдайда газ құрылғыларын пайдалануды дереу тоқтатып, құрылғы алдындағы шумектерді жабу қажеттігін қаперге салды. Мұнан кейін бөлменің желі көздері мен терезелерді ашып, желдету керек. Ашық отты жақпаңыз, шылым шекпеңіз, электр жарығы мен электр құрылғыларын қоспау және өшірмеу, электр қоңырауларын қолданбау қажет. Газ апаттық қызметіне, яғни «109» номеріне (ұялы байланыс арқылы) газдалмаған бөлмеден қоңырау шалып, газ мамандарын шақырыңыз.

Ол үйлерді (пәтерлер, коммуналдық-тұрмыстық нысандарды) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, бекіту арматураларының орнын ауыстыруға және жөндеуге болмайтынын айтады. Кез келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс, яғни ұйымдардың келісімінсіз газ аспаптарын орнатылған орынжаыды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға болмайды.

Осыған дейін Жалғаш кентіндегі ШРП-ларға техникалық қызмет көрсету мен іріктеулі сырлау жұмыстары жоспарланған. Сәйкесінше кент ішіндегі болат құбырлы газ желісін ішінара сырлау жұмыстары жасалды. Қызметкерлердің білімін шыңдау мақсатында ТЖБ-мен жылына 2 рет оқу-жаттығу ұйымдастырылғанын айтады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тарих

Зардапты «Кіші қазан»: Кешенді зерттеуге жаңаша ғылыми көзқарас

Республика күні қарсаңында тәуелсіздік жолындағы күрес пен халқымыздың тар жол, тайғақ кешуін еске түсіріп, тарих сабағын байыптау – парызымыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ, Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат заман мен нәубетті бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс» деген сөзі қоғамды жауапкершілікке жетелейді.

2020 жылы 24 қарашада Президент Жарлығымен құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия қыруар жұмыс атқарды. Ең бастысы, тарихтың өзекті мәселелеріне қатысты жаңа ғылыми-тарихи, ғылыми-саяси, ғылыми-құқықтық тұжырымдарды дәйектеп негіздеді. Іргелі әрі жүйелі зерттеу тақырыптарының аясы кеңейді. Соның бірі – «Қазақстандағы Кіші қазан» трагедиясы.

1920-1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргінді кешенді зерделеу, құрбандардың негізгі санаттарын анықтау, іргелі зерттеу жүргізу енді ғылым аясында жалғасады. Үкімет 2024 жылы қазанда Мемлекеттік комиссияның тұжырымдарын іргелі зерттеуге жобалық-мақсатты қаржы бөлді (ІРН: BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау үдерістері»). Осы мақсатта 10-нан аса саяси науқаны барысын, тетіктері, зардаптарын жүйелі зерттегенде ғана ашаршылық құрбандарының санын, жойылған ауыл, қырылған бала, өлім-жітім мөлшерін, халқымыздың басына түскен қасіретті ғылыми тұрғыдан сараптап аламыз. Әрбір өңір мен аудандағы «Кіші қазан» қасіретін дәйектейтін уақыт өлдеқашан жетті.

Шеттен келген басшы ел психологиясын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сырттай зерттеп, даярланатыны анық. Большевиктердің осы саладағы күрделі ұстанымын, көзқарасын, амалдарын жан-жақты қарастыру да – ғылым міндеті.

Ф.Голощекин келген бойда 1925 жылы 1 желтоқсанда Қызылордада өткен V партконференцияда «Қазақстанда ешқандай Кеңес өкіметі орнамағанын» мәлімдеп, «Октябрь дауылы қазақ ауылын жанап өтті. Себеп – ұлттық пролетариаттың болмауы, мәдени-экономикалық мешеулік» деп атап көрсетті. Бұл – Қазақстанға қарсы жарық соғыс жарияланғанының дәлелі.

Халық большевиктер билігін емес, Алашты, өзінің Алаш автономиясын мойындады. Алашорда үкіметі күшпен заңсыз таратылса да, жұрттың көкірегінде ұлт зиялылары бастамасына деген сенім 30-жылдарға де дейін сөнбеді. Айлакер большевик келе сала Алаш қайраткерлеріне ауыз салды. Большевиктік-сталиндік билік Алаш ұрпағын, олармен мүдделестерді өрқашан бақылауда ұстады. Қуғын көргендердің ұлдары да әкелері туралы ашық айта алмады, жасыруға мәжбүр болды. Ал шынында, олар өткендердің ерлігімен мақтануға құқылы еді.

Сонымен Ф.Голощекин «Ауылды советтендіру – жұртты қамтудың ұраны ғана емес, артта қалған ұлтты ұйымдастырудың ұраны» деп соқты. Ол біріншіден, кедей мен орташаларды ұлттық қанаушылыққа қарсы күреске жұмылдыратынын, екіншіден, Алаш идеологиясына қарсы коммунистік идеологияны күшейтетінін мәлімдеді. Тап күресін жөлеу етіп, әлеуметтік топтарды бір-біріне қарсы қою саясатын жүргізді. «Қазақ ішінде тап атаулы жоқ» деп шырылдаған ұлт зиялылары пікірін ескермеді. Ф.Голощекиннің мақсаты – қазақ даласын толық бағындыру еді. Еркін, рухты, білімді, білікті зиялылар халқымен бір болғанда оларды бағындыру оңай болмайтынын түсінген екі революционер орталықпен келісе отырып, «Кіші қазан» революциялық зорлық-зомбылық шарасын қарқынды жүргізді. Асқан айлакерлікпен, ел рухын жотын жауыздықпен атқарды. Бір қарағанда, «қараңғы ауылды көкестендіріп, реформа жасаған» сияқты көрінді. Алайда қазақ тарихын, ұлт жанын түсінген адам Ф.Голощекин басшылығы кезінде ұлттық болмысымыз тас-талқан болғанын айқың, анық аңғарады.

1925 жылы 1 желтоқсандағы БК(б) П өлкелік комитетінің жұмысы туралы V өлкелік партконференциядағы «За со-



ветизацию аула» атты баяндамасында ол қазақ қоғамын бағынышты етудің жолдарын теориялық-методологиялық тұрғыдан негіздеді. Большевиктік-сталиндік университеттерде оқитын еді, жаңашыл өндірістер ашып, зауыттар салып, елдің жерасты, жерүсті байлығын халық игілігіне жаратар еді. Бұған ешқандай шек жоқ. Тіпті көршілерімізде билікке большевиктер емес, шынайы реформаторлар келсе, тарих мүлдем басқаша қалыптасар еді. Әңгімеге өзек Ф.Голощекин бастаған қанпезерлер патша отбасын атпайтыны, мың азаптық болмайтыны бесенеден белгілі...

Қаншама адам жазықсыз құрбан болды. Қаншама сәби жетім қалды, жастар қырылды, азапталды. Қазақ халқының рухани тірегі болған дәстүрлі діни мектеп жүйесі жойылды... Алаш зиялылары түгелдерлік атылды. Тектілер ұрпағын тентіретті. Адамдар бір-бірімен амандаса алмайтын заман орнады. Халық жаппай үреймен өмір сүрді. Аштық жылдары миллиондар қырылып, өлгендер көмілмей де қалды. Бұндай сұмдық пен қорлықты көрген халық аз шығар. Өне бұл да – «Кіші қазанның» азабы мен мазасы.

Шүкір, халқымыз осы жалпыұлттық трагедияны бастан көшірсе де, көңілі мен даналығынан айырылмады. Аналарымыздың қайраты арқасында талай ұрпақ аман қалды. Себебі аталарың, әкелерің, ағаларын ұстап, жер аударып, сот-тергеусіз атып немесе ұзақ жылға соттағанда бүкіл әулеттің жауапкершілігі, яғни тірі қалу мүмкіндігі аналар мойнына артылды. Ұрпағын аман сақтау мақсатында олардың көрмеген қасіреті жоқ.

Өз топырағында жетімнің күйін көшкен қазақ жер аударылып келгендерге жеп отырған нанын бөліп берді. Айта берсек, қасіреттің ауқымы адам айтқысыз. Кеңес өкіметін жамандау мақсат емес. Зерттеушіге ақиқат пен шындық қымбат. Ақиқат пен шындық қана – дамудың, жарқын болашақтың көпірі.

Көп уақыт 30-жылдардағы бас көтертулер де халыққа сыңаржақ түсіндірілді. Басқа амалы болмағандықтан, аштан өлмес үшін қолына бар қаруын алды, әулірімімен көтеріліске шыққан ерлерді ақтау ақиқат тұрғысынан қажет. Байларды іздеген адам көп... Ақталмаған адамдар да аз емес...

Революциялық зорлық-зомбылыққа толы «Кіші қазан» саясатының мақсатын, едісін, қайғылысалдарын объективті тұрғыдан зерттеу – заман талабы. Өйткені Ф.Голощекин мен оның сұрабы тобы Қазақстанды басқарған жылдары халқымыз қасіретке белшесінен батты. Тіпті мұны 1937-1938 жылдардағы жаппай террорға жасалған дайындық деп те айтуға болады. Қазақ халқын ойсыратып кеткен «Кіші қазанның» зардабы мен трагедиясын былайша түйіндеп айта аламыз:

1) Ұлттықдамудыңөзеі, темірқазығы – Алаш зиялыларын түгелдерлік жойды. Олардың отбасы мүшелерін, туған-туыстарын, таныстарын да қуғын-сүргінге ұшыратты.

2) Қазақ халқының әлеуметтік тірегі – байларды түп-тұқиянымен құртып, жұртты сенімнен, қорғаннан айырды. Мысалы, қазақ байлары 20-жылдардағы ашаршылықта халықты барынша аман сақтап қалды, ал 30-жылдары байларды жойғаннан кейін халық жаппай аштан қырылды.

3) Халқымызға рухани жолбасшы рөліндегі қожа, ишаң, молдаларды жойды. Дін – әлеуметтік құбылыс. Діни сауатты адамдар өз топырағында мектеп қалыптастырса ғана рухани қауіпсіздік жүйелі дамиды. Осыны әдейі құрту арқылы санада, дәстүрде ала-құпалықты өршітті.

4) Қазақтың қаймағы сынды ауылдарды аздырып-тоздырды. Ауыл – қазақ ұлтының құретамыры, рухани тазалықтың қайнар көзі. Ауылдарды қасақана сандармен таңбалап, екінші,

үшінші ұрпақ ата-бабасының туған ауылын таба алмайтын дәрежеге жеткізді.

5) «Революцияға дейін құң болған, құл болған» деген желеумен әйелдерді кеңестік саясаттың қолшоқпарына айналдырды. Жергілікті архивтерде әйелдердің кеңестік жұмысқа баруға, кедейлердің байлардың орнына қызметке шығуға қарсылық білдірген арыздары жиі кездеседі.

6) «Кіші қазан» саясаты (саяси-экономикалық, әлеуметтік шаралары) халықты аштыққа ұрындырды. Жұрт «малша қырылғанша соғысып өлейік» деп көтеріліске шықты. Туған жерін амалсыз тастап, жаяу-жаппылап шекара асып, ауа көшті. Сырт жерлерде көрген қорлығы да аз емес. Кеңестік билік елдегі ашынған халықты да, шетке айылған үркішілік көшті де аяусыз қырып-жойды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсе басшысы, заңгер-ғалым Сабыр Қасымов 1937-1938 жылдары жаппай террор КСРО-ның барлық республикасында болғанын айта келіп, былай деп тұжырымдайды: «Ф.Голощекин және оның командасы басқарған жылдары тарихымызда бұрын-соңды болмаған ең қасіретті кезең, яғни «Қазақстандағы ең үлкен террор» – халқымызды ауқымды саяси қуғын-сүргінге, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, гуманитарлық апатқа алып келген «Кіші қазан».

Мемлекеттік комиссия, Жобалық кеңсе талай елдік жұмыс атқарды. Мұны үшжылдық жұмысын қорытқан Мемлекеттік кеңесші Е.Қарин де атап көрсетті.

Біз Сабыр Ахметжанұлының «Кіші қазанға» байланысты дәйекті зерттеулерің, тұжырымдарың ғылыми орта, атқарушы билік, жауапты орындар ескерсе екен дейміз. Денсаулығы сыр берсе де, елдік іске барынша жауапты қарап, ресми мекемелер, депутаттар, ғылыми институттар атқаратын ауыр жұкті бір өзі мойымай көтеріп келеді. Біздіңше, нәтижесі айдан анық осы азаматтық бастамасын, зерттеу жұмысын жұрт болып қолдағанымыз, реті келсе, бұл елдік іске көмектескеніміз абзал.

Халқымыз, әсіресе қоғамдағы зиялы қауым мен атқарушы билік тарихымыздың трагедиялық кезеңі – «Кіші қазан» зардабын ұмытпауға тиіс. Біріншіден, ол демократиялық өрі еділ Қазақстанды құру жолында қай жағынан да қауіпсіздігіміз үшін, сақтау үшін керек. Екіншіден, тәуелсіздіктің құндылығын түсіну мен қастерлеу жолында мемлекетшілдік пен отаншылдықты пайықты орнықтыру үшін қажет. Тағылым ұғымының мәні де осында.

Тарихты жаңғыртуға байланысты ортақ істің барысында, екіншіше орай қайбір әріптестеріміздің кеңестік ұстаным мен сыңаржақ көзқарастан шықпанын аңғардық...

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тарихшылар халық басынан көшкен түрлі уақиғаның мағлұматын сымға тартқандай сыңға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді» деп жазса, әйгілі қайраткер Мұстафа Шоқай «Ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деп ой түйген мәлім.

Кеңестік тоталитарлық заманда аштан қырылған, саяси тұрғыдан азапталған, атылған, кінәсіз қудаланғандар ұрпағы тәуелсіз және өділетті Қазақстанның жеңісің жемісін көруге мүдделі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың игі бастамалары да осы елдік жұмыстарды баянды етуге бағытталған деп сеніммен айта аламыз.

Құралай СӘРСЕМБИНА,
Ш.Ұәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
Астана филиалының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Маман мерейі

Биыл елімізде Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл болды. Ал 19 қазан – Құтқарушылар күні. Сала қызметкерлері бүгінде елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек етуде. Өзгенің өмірін құтқару үшін өз өмірін қауіпке тігетін құтқарушылар кез келген құрметке лайық. Солардың қатарында жалағаштық құтқарушы Сәттәр Мұхтар да бар.

Құтқарушы Сәттәр

Төтенше жағдайлар саласы үлкен жауапкершілікті талап етіп, кез келген тосын жағдайлардың алдын алып, зардабын жоюда қажырлы күш жұмсауды қажет етеді. Десе де олардың алға қойған басты мақсаты – халықтың тыныш өмірің, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайларға жол бермеу.

Адам өмірінде төтенше жағдайлар жиі болып жатады, оның алдын алу өте қиын. Тосыннан келген апат кезінде халыққа бірінші болып көмекке ұмтылатын тағы да құтқарушылар. Бұл іс кез келген жанның қолынан келе бермейді. Оған білім мен біліктілік және тәжірибе керек.

Мақаламызға арқау болған кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – электрик. Айтуынша, алғаш аудандағы орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде жүргізуші болып еңбек еткен. Сол жылдары орман шаруашылығы жерінде өрт орын алған кезде өрт сөндірушілердің ерен еңбегіне қарап, салаға қызығушылығы артқан. Сол оқиғадан кейін ол аудандық төтенше жағдайлар бөліміне қарасты №11 өрт сөндіру бөліміне көлік жүргізуші болып жұмысқа орналасқан.

Бірде Далдабай елді мекенінде қора өртеніп жатыр деген дабыл түсті. Әріптестерімізмен дереу жолға шығып, оқиға орнына жеттік. Ауа райының қолайсыздығына байланысты желдің салдарынан жергілікті тұрғынның қорасында орын алған өрт көршілес қораларға да көсірін тигізді, яғни қатарлас орналасқан 4 үйдің қорасы өртеніп, отты ауыздықтауға 1 тәуліктен аса уақыт кетті. Алла абырой бергенде адам шығыны болған жоқ. Қорадағы төрт түлікті де аман-есен шығаруға тырыстық. Бірақ жем-шөп түгелімен жанып кетті. Өрт – күтпеген сәтте орын алатын тіліс жау. Біздің басты мақсатымыз – адам өмірін құтқару. Сол себепті әр шақырту бізге үлкен жауапкершілік жүктеді. Әріптестерімізмен үй тіреспі, бірнеше мәрте қауіпті жағдайдың алдын алдық, – дейді ол.

Айта кетейік, кезекшілік барысында қызметкерлер күнделікті белгіленген кестеге сәйкес өрт сөндіру, құтқару дайындығы, дәрігерлікті ұйымдастыру сынды сабақтарға қатысады. Сондай-ақ күнделікті өрт-сөндіру көлігін тексеріп, қажетті құрал-жабдықтарды орналастырып отырады. Осы жүйелі жұмыстың нәтижесінде олар дабыл түскен бойда жолға шығып, кез келген төтенше жағдайдың алдын алуға сақадай сай тұрады.

Кейіпкеріміз жұмысқа қабылданғанына көп болмаса да жауапкершілігі мол мамандықты абыроймен атқарып, ел алғысына бөленіп жүр. «Адамдардың аمانдығы үшін өртті дер кезінде ауыздықтау – қызметтік міндетім ғана емес, бала күннен бергі жүрек қалауым» деген кейіпкеріміз кішкентайынан айналасындағыларға көмек қолын созып келеді.

Иә, өрт сөндірушілер үшін әр секунд маңызды. Олар адам өмірін құтқару, жарылатын заттардың алдын алу, мүлікті қорғау, жалынның басқа ғимараттарға таралуын болдырмау бағытында жұмыс жасайды. Кейіпкеріміз сұхбатта ең алғаш жұмысқа келген кезін де еске алды. Айтуынша, алғашқыда оның бойында бұрын-соңды бұндай оқиға оқиғаларға тап болмаған соң, қорқыныш пен қобалжу болған. Алайда қазір ол қорқыныш бойынан сөйліп, сап тыйылған. Себебі ол күнде түрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп, тосыннан тұтанатын қызыл жалынмен арпалысып жүріп, өзгелерді құтқару арқылы шыңдалған. Оқыс оқиға орын алған алаңда қою түтін арасында өрт сөндіруге арналған киіммен қозғалып, жүгуі былай тұрсын, салмағы 20 келіге жуық шланганың өзін ұстап тұру кімге болса да оңайға соқпаса анық. Алайда біз қалам тербеп отырған кейіпкеріміз қандай қиыншылық кездесе де жігерлілік танытып, төтенше жағдайға тосқауыл қоюда. Тұрғындар өмірін құтқаруда ерен еңбек етіп жүрген құтқарушылардың бұл жұмысы ерлікпен пара-пар. Олар қашанда тұрғындар үшін қызметін мінсіз атқарып, ел алдындағы маңызды миссиясын жалғастыра бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Хабарландыру



Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Салық кодексінің 88-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлерін (ЖҚТ) жүзеге асыратын тұлғалар міндетті түрде салық телеуші ретінде тіркелуге тиіс екендігін хабарлайды.

Жекелеген қызмет түрлері тізбесіне мыналар кіреді: - бензин, дизель отыны, газохол және басқа да мұнай өнімдерін өндіру; - осы өнімдерді көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу; - этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру; - алкоголь өнімдерін көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу; - темекі бұйымдарын өндіру және (немесе) көтерме саудада өткізу; - ойын бизнесті; - акцизделетін тауарларды өндіру, жинау (жинақтау); - тауарлармен электрондық сауда жасау.

Салық органы тіркеуді үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады: - хабарламаны тапсырған күннен бастап; - немесе eLicense.kz жүйесінен мәліметтер алынған күннен бастап.

Хабарламалар электрондық немесе қағаз түрінде жіберіледі (ҚР ҰЭМ бұйрығы №4, 06.01.2015 ж.).

2025 жылғы сәуірден бастап СЭИЖ және eLicense.kz жүйелері интеграцияланған, бұл деректер алмауды автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Интеграцияда мекен-жай тіркелімі коды (МТК) пайдаланылады.

Егер нысан бойынша МТК жоқ болса, оны сәулет және қала құрылысы бөлімінен алуға немесе eGov.kz порталы арқылы онлайн рәсімдеуге болады.

Жалағаш ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Алтын ұя

Бәсі биік білім ордасы



Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептен түлеген шәкірттердің көбі бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада қажырлы еңбек етуде. Мұнда ұлағатты ұстаздың еңбегін елеген шәкірттер жыл сайын ұстаз атына сынып ашып, жас ұрпақтың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап келеді.

Мектеп директоры Гаухар Нұртаеваның айтуынша, ауылдағы алтын ұя биыл 196 балаға құшағын айқара ашқан. Оның 18-і мектеп алды даярлық тобына қабылданса, 13-і мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін. Биыл түлектер саны – 11. Оның 1-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Қазіргі таңда 8 түлек ұлттық бірінғай тестілеуге қатысуға ниетті.

Былытғы оқу жылында мектепті 19 түлек тәмамдап, 14-і ҰБТ-ға қатысып, 9-ы грант иегері атанған. Олар мектеп директорының айтуынша, медицина саласы мен педагог мамандығына басымдық берген. Оның 2-еуі – «Үздік аттестат» иегері.

Мектеп басшылығы ұстаздардың біліктілігін арттыруды жіті назарда ұстайды. Қазіргі таңда ауылдағы алтын ұяда 39 мұғалім жұмыс жасайды. Оның 8-і – педагог зерттеуші, 12-сі – педагог сарапшы, 17-сі – педагог модератор. Мектепте міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен 122 бала қамтылған. Оның 58-і – бастауыш сынып оқушысы. Жаңа оқу жылы қарсаңында мектепке жал жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асхана 14 үстел, 85 орындықпен жабдықталған. Сондай-ақ оқушылардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасау үшін мердігер мекеме «Мансұр» ЖК спорт алаңын салған.

Білімділердің бірегей ордасы

Бәсекеге қабілетті білімді тұлға қалыптастыруды мақсат еткен мектеп ұжымының бүгінде жеткен жетістігі көп. Мәселен, олар бытырғы оқу жылында облыстық білім басқармасынан «Ынтымағы жарсақан ұжым» номинациясын жеңіп алған.

Өткен оқу жылында мектеп оқушылары пәндік олимпиада, ғылыми жоба сынды білім бәйгелерінде бақтарын

сынап, жүлделі орындарды иеленген. Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен олимпиадаға 18 оқушы қатысып, оның 6-ауы жеңіс тұғырынан көрінген. Ал 5-7 сынып оқушылары арасындағы олимпиадада 12 оқушы бақ сынап, оның 4-еуі жеңімпаз атанған. Ал ауыл балаларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен олимпиадаға 11 оқушы қатысып, аудандық кезеңде 5-еуі жүлделі орын иеленіп, 1-еуі облыстық кезеңде үздік үштікті түйіндеген.

Мектеп директоры балалар мұнда бір ауысымда ғана білім алатынын айтады. Ал түстен кейін олар бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі үйірмелер мен қосымша сабақтарға қатысады. Мұнда театр, вокал, қолөнер, бейнелеу, дебат, Ыбырайтану және спорттық баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмлақ, шахмат, теннис сынды үйірмелер бар. Аталған үйірмелерге бүгінде 150-ге жуық оқушы қатысады.

Ұстазын ұлықтаған білім ордасы

Гаухар Нұртаеваның айтуынша, білім ошағы жаңа кабинеттермен толыққан. Бүгінде 80 жылға жуық тарихы бар білім ордасын басқарған білікті басшылардың ұрпақтары мен шәкірттері ұстаздарына деген алғысын алтын ұяда атына арнайы кабинет ашып жеткізген.

– Өзіңіз көргендей, мектебіміз заман талабына сай материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етіліп, өр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін қажетті құрал-жабдықтармен, интерактивті тақта, компьютерлермен жабдықталған. Түлектеріміз өздерінің ұлағатты ұстаздарының атына арнайы кабинет ашып, ішін оқуға қажетті құрал-жабдықтармен толтырып, іні-қарындастарының заманауи кабинеттерде білім алуына, мектептің жаңаруына көмектесуде, – дейді білім



ордасының басшысы.

Иә, мектеп тынысымен танысып жүргенімізде ұстаздардың есімі берілген арнайы кабинеттерге назарымыз түсті. Гаухар Нұртаеваның сөзінше, бытырғы оқу жылының аяғында бастауыш сынып мұғалімі Тәжігүл Ізтаева мен Қыпшаққұл Сатқарованың құрметіне орай арнайы кабинет ашылған. Тәжігүл Ізтаева – ұстаздық қызмет еткен жылдары шәкірттерінің санасына тек білім ғана емес, рухани байлық пен адамгершілік дәнін еге білген жан. Бүгінде ұлағатты ұстаздан білім алған шәкірттер дәрігер, мұғалім, ғалым, инженер секілді мамандықтарды меңгеріп, елдің дамуына еңбек етуде. Ал Қыпшаққұл Сатқарова ауылдағы алтын ұяда 40 жыл еңбек еткен. Одан білім алған шәкірттер бүгінде түрлі салада қызмет етуде.

Мұнан бөлек Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, ұлағатты ұстаз Сентай Көкжебекұлы атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылған. 1950 жылдан бастап «Қызыл диқан» жеті жылдық мектебінде физика-математика пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеп, 1959 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетін бітіргеннен кейін ұстаздық қызметін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жалғастырған.

Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз Теміртай Жармаханов атындағы бастауыш сынып кабинеті де ашылған. Ұлы Отан соғысы басталғанда Теміртай ұстаз небәрі 15 жаста екен, еңбекке ерте араласқан. 1944 жылы тамыз айында Қармақшы аудандық әскери комисариаты арқылы әскер қатарына шақырылып, Шығыстағы жапон милитаристеріне қарсы күрескен 101-атқыштар полкіне жіберілген. Оның еңбегі елеусіз қалмай, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Кеңес Армиясын мң Әскери теңіз Флотына 30 жыл» медальдарымен марапатталған. Елге оралған соң Теміртай ағай өмірін ұстаздық қызметке арнап, шәкірттерінің білімді тұлға болып қалыптасуына үлесін қосқан.

Айта кетейік, бұған дейін мектепте тарих пәнінің мұғалімі Алпысбай Елеулы мен мектепті 18 жыл басқарған, мате-

матика пәнінің мұғалімі болған Іскендір Қарқынбаевтың атындағы кабинет те ашылған.

Ауыл азаматтарының қолдауы

Ауылдағы демеушілер көмегімен мұнда жыл сайын «Мектепке жол» акциясы дәстүрлі түрде өткізіліп, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруда. Мәселен, «Балдихан» ЖШС өз шаруа қожалығында жұмыс жасайтын қызметкерлердің балаларын, яғни 69 баланы оқу құралдарымен, спорттық киіммен қамтамасыз еткен. «Керейт» шаруа қожалығы 4 балаға, мектеп ұжымы 11 балаға, ауыл әкімшілігі 1 балаға, ауыл емханасы 1 балаға, «Кәусар» балабақшасы 1 балаға, ауыл көсіпкерлері Рауа Садықова 1 оқушыға, Зәуре Аруынова 1 баланы қажетті оқу-құралдарымен қамтамасыз еткен. «Оқу жылы аяқталысымен балаларымды қайда қыдыртамын?» деген сұрақ әр ата-ананың көкейінде болады. Осы ретте балалардың жазғы тынығу лагері де ауыл азаматтарының назарынан тыс қалмаған. Бытырғы оқу жылының соңында «Балдихан» ЖШС демеушілігімен Алматы қаласындағы «Тау жанашар» лагеріне 1 бала, Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне ата-аналардың демеушілігімен 2 бала, «Керейт» шаруа қожалығының көмегімен 1 бала, «Дархан» ЖШС демеушілігімен 1 бала демалып келді. Міндетті оқу қоры есебінен «Ақтерек» лагеріне 17 балаға, білім бөлімінің кәсіподақ есебінен 2 оқушыға жолдама берілген. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Жаздық жолдама» жобасы аясында ауыл балалары Түркістан облысы Төле би ауданындағы «Қуаныш» лагеріне 1 оқушы барып қайтқан.

Гаухар Нұртаева басқарып отырған алтын ұяның бүгінгі тынысы осы. Талай шәкіртті үлкен өмірге қанат қақтырған қарашаңырақтың оқушылары озат, ұстаздары білікті. Олардың білім бәйгесінен бөлек, спортта да жеткен жетістігі көп. Бұл жетістік алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауыл абыройын асқақтата бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Озат оқушы

Ауданға қарасты Мырзабай ахун елді мекеніне сапарымыз ерекше әсер қалдырды. Бұл өңір – тарих пен руханият тоғысқан киелі мекен. Кезінде жеті ілімді меңгерген, халқының рухани ұстазы болған Мырзабай ахун есімі ел жадында мәңгі сақталған. Сол баба ізі қалған топырақта бүгінде білімге құштар жас ұрпақ өсіп келеді. Солардың бірі – №122 орта мектептің 10-сынып оқушысы Тұрлыбай Ұлжан.

Үлгілі Ұлжан



Асқар таудай әкесің,
Кішкентай емес, үлкенсің.
Қайда жүрсем жүресің,
Жүрегі жылы әкесің.

Бұл – үш жасар Ұлжанның ең алғашқы шумағы. Бір күні анасы: – «Әкең келе жатыр, туған күнінде қуантқандаршы», – дегенде кішкентай Ұлжан сол сөзден шабыт алып, қолынан келген ең үлкен сый ретінде осы өлеңді шығарды. Содан бері өлең жазу оның сүйікті ісіне айналған.

Өнерге деген сүйіспеншілігін ері қарай дамытқан ол өткен жылы республикалық «Мұқағали Мақатаев» оқуларына қатысып, облыстық кезеңде 2-орынға ие болды. Быыл да сол дәстүрді жалғап, республикалық «Махамбет оқулары» байқауында облыста оза шауып, республикалық деңгейде алғыс хатпен марапатталды.

«Махамбет оқуларында» мен үшін ең есте қалған сәт өз өлеңдерімді мәнерлеп оқу мен Махамбет жырын жалғастыру болды. Бұл байқау рух пен намыстың мектебі іспетті, – дейді Ұлжан Айболатқызы.

Әзі айтқандай, байқаудың бірінші бөлімінде ол өз өлеңдерін әсерлі мәнерлеп оқып, көрермен жүрегін тербесе, екінші бөлімде кез келген берілген Махамбет өлеңінің келесі тармақтарын шалыс ұйқаспен жалғастырып, суырыпсалма қабілетін танытқан.

«Тектіден текті туады» дегендей, Ұлжанның әке жағынан әпкелері де сөзге шешен, жырга жақын жандар екен. Өлеңмен ғана шектелмей, ол мектеп өмірінде де ерекше белсенді. Волейболдан мектеп құрамасында ойнап, аудандық жарыстарда жүлделі орын иеленіп жүр. Сабақ пен спортты ұштастыра білетін Ұлжан – көпқырлы оқушы.

Талапты оқушы кейде көңіліндегі ойды бейнелеу арқылы жеткізуді жөн көреді. Сурет салу – оның жан тыныштығы. Бояу мен қылқалам арқылы ойындағы сезімін жеткізуді ұнатады. Түстерді таңдағанда өте мұқият. Кейде сурет салып отырып, уақыттың қалай өткенін байқамай қалады. Бір сағат, екі сағат... Ал қағаз бетінде жаңа өлем.

Сонымен қатар ғылыми және әлеуметтік жобаларға да белсене қатысады. Ол өз ғылыми жобасында «Онғүстік Қазақстандағы киелі орындар туризмін арттыру» тақырыбында зерттеу жүргізген. Жоба барысында әлеуметтік желілерде көрсетілмеген, халық арасында ғана белгілі киелі орындарды анықтап, сол нысандарды қамтитын туристік маршруттар кестесін жасаған. Бұл еңбек жас зерттеушінің туған жердің мәдени құндылығын насихаттауға қосқан үлкен үлесі деуге болады. Оның айтуынша, бұл жұмыстың басты мақсаты – ұмыт қалған киелі орындарды жағырту және оларды болашақ ұрпаққа таныстыру.

– Еліміздің әр өңірінде қасиетті жерлер бар. Егер оларды насихаттай білсек, елде рухани туризм де дамиды. Менің жобам – соған кішкентай үлесім, – дейді жас зерттеуші.

Бытырғы оқу жылында Ұлжан мектеп парламентінің президенті болып сайланып, өз бастамасымен медиация және дебат клубтарын ашты. Ол – тек ұйымдастырушы емес, нағыз көшбасшы. Өткен жылы Ұлжан бастаған команда «Jastar Cир» дебат турнирінің облыстық кезеңінде 3-орын иеленсе, биылғы оқу жылында ізбасар шәкірттер облыста 2-орын алып білім ордасының жетістігін еселеді. Мектеп өмірін жандандыру мақсатында сабақ арасындағы көңілді үзілістерді де ұйымдастырып, оқушылардың белсенділігін арттыруға өз үлесін қосты. Қазір жетекшілік еткен дебат клубы жұмысын жалғастырып келеді. Оның құрамында 20 белсенді оқушы бар. Ұлжанның жолын жалғаған жас пікірсайысшылар бүгінде мектептің намысын қорғап, жақсы нәтиже көрсетіп жүр.

Бүгінде оның алдында ұлкен таңдау тұр. Ұлттық бірінғай тестілеуге дайындықты әлі бастаған жоқ, бірақ алдына мақсат қойып үлгерген. Көпшілік Ұлжанды өлеңмен өрнектеген жас ақын, дебат сахнасында еркін ойлы шешен ретінде таниды. Дегенмен оның арманы – журналист немесе халықаралық қатынастар саласының маманы болу. Жазда ағылшын тілінің қыр-сырын үйренуге кірісіп, жаңа білімге жол ашқан. Десе де жүрегінің түкпірінде «Менікі осы жол ма?» деген бір сауалдың тұрғанын айта өтті.

Терең білім мен ізденіске толы еңбек қана нағыз жетістікке жеткізеді. Мақала жазып отырған сәтте озат оқушы тағы бір сүйінші жаңалығымен қуантты. Кеше кейіпкеріміз тағы ғылыми жобада бой көрсетіп, 3-орынмен марапатталып келді. Ұлжанның бойындағы жалын – жаңа буынның бейнесі. Білім мен шабытты серік еткен оның әр жетістігі – ертеңгі үміттің нышаны. Осындай болашағы жарқын жастар барда ел өңесі де биік болмақ.

Гүлжан Есжан

Маман мерейі

Математика майталманы

Бір көздері Мырзабай ахун елді мекенінде бір қабатты қарапайым жер үй іспетті мектеп болған. Сол қара шаңырақтан талай ұрпақ білім алып, өмірге қанат қақты. Ал бүгінде сол білім ордасы уақыт талабына сай жаңарып, заманауи жабдықталған айшықты №122 орта мектепке айналды. Бұл мектепте өз ісіне берілген ұстаздар көп. Соның бірі – математика пәнінің мұғалімі Роза Бодыбаева. Осыған дейін мұғалім жетекшілігімен талай оқушы аудандық, облыстық олимпиадаларда жүлделі орын алып, ұстаз еңбегін ақтап жүр.

– 7-8 сыныпта оқып жүрген шағым. Бізге жасы үлкен, көпті көрген ұстаз сабақ берді. Сабақ ұстиде бір күні мен тақтаға шықтым. «Бодыбаева, жарайсың!» деп қолпаштаған сәтін әлі ұмытпаймын. Сол бір қарапайым сөз, ұстаздың мейірімді көзқарасы мен қолдауы менің математикаға деген қызығушылығымның алғашқы есігін ашып берді. Қазір осы пәннің мұғалімі болып, өз шәкірттеріме де дәл сондай сенім мен шабыт беруге тырысамын, – дейді ұстаз балалықтың тәтті естелігімен бөлісіп.

Білікті педагог еңбек жолында бірнеше бұын оқушыға тәлім беріп, 7-8 сыныпқа жетекшілік еткен. Ол тек пен мұғалімі емес, рухани жетекші де болды. Мектеп өміріндегі әр оқушының мінез-құлқың, арманың, қабілетін терең түсініп, бағыт беруді өмірлік міндеті санайды.

Бір жылы математика мұғаліміне 5-сынып жетекшілігі жүктелген еді. Сол жылы мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары келіп, «сізді 10-сыныпқа ауыстырайықшы. Сіздей тәжірибелі ұстаз керек, балаларды өмірге бағыттайтын адам қажет» дегеннен өтінішін қабылдап, келер жылы 11-сыныпты алтын ұядан ұшырды.

– Бытырғы оқушыларым өте алғыр болды. Сабақтан кейін де қалатын, қосымша есеп шығарып, дайындалатын. Кейде таңертеңнен кешкі 6-ға дейін мектепте болатын. Сол еңбекқорлықтың арқасында барлығы жақсы нәтижеге жетті, – дейді кейіпкеріміз.

Ол үшін ұстаздық – жай сабақ беру емес, әр баланың тағдырына жауапкершілікпен қарау. Сондықтан шәкірт же-

тістігі – оның ең үлкен марапаты. Оқушылары – пәндік және ауыл мектептері олимпиадаларының жүлдегері. Биылғы оқу жылында да шәкірті Ауыл олимпиадасында топ жарып, аудандық кезеңде 1-орын алып, облыс деңгейінде бақ сынауға мүмкіндік алды.

Білім беру жүйесінде уақыт талабына сай жаңашылдыққа ұмтылған ұстаздар еңбегі ерекше бағаланады. Қай кезеңде де оқушының ой-өрісуін кеңейтіп, пәнге қызығушылығын арттыру ұстаздың ізденісіне байланысты. Роза алай – осындай талап үлесімен шығып жүрген оқытушы. Ол өз тәжірибесінде оқу үрдісін жандандыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып келеді. Ұстаз әдістемелік құралға «Математика сабағында ойын элементтерін қолдану» тақырыбында оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға бағытталған тапсырмалар енгізген. Бұл жұмыстың мақсаты – баланың логикалық ойлауын дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру және білімді меңгерудің жаңа жолдарын көрсету.

Ойын түрінде ұйымдастырылған сабақтарда оқушылар белсенділік танытып, өз ойын еркін жеткізуге, есепті түрлі жолмен шешуге дағдыланады. Мұндай сабақтар білім беруді жандандырып қана қоймай, оқушының математикаға деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Ұстаздың айтуынша, оқушы ойнай отырып үйренсе, алған білімі ұзақ есте қалады.

Білікті педагог қазіргі сабақтарында жасанды интеллект элементтерін тиімді қолданып жүр. Цифрлық платформалар



мен заманауи бағдарламаларды пайдалану арқылы күрделі есептерді шешуде алгоритмдік ойлауға баулиды. Мұндай әдіс оқушының тек пәндік білімін ғана емес, сыни ойлау қабілетін де дамытады.

– Қазіргі оқушыларымының көбі нәмерелерімен жасты ғой. Баламен бала боламыз. Қазір қатты болудың уақыты емес. Күліп сөйлесіп, ойнап жүріп те көп нәрсеге үйретуге болады. Сонда ғана олар сабаққа да, ұстазға да жақын болады, – дейді білім беру ісінің шебері.

Қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бұрын Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институт деп аталған. Осы оқу орнын тәмамдаған жас мұғалім туған ауылына қызмет етуге келеді. Оқушыларын ұлттық бірінғай тестілеуге мектепке келген алғашқы күннен бастап дайындап келді. Ұстаздың еңбегі де елеусіз қалмаған. Ол аудан әкімінің алғыс хатымен, облыстық білім басқармасының

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзегі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Гүлжан Бахытбекқызы

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық

“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1777

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ